



Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік - құқықтық актілер. Отбасы оның мүшелері үшін тұтас құқықтық кеңістік ретінде.



ЖОСПАР:



1. «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікті арттыру курсының мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері
2. Ата-аналарды психологиялық - педагогикалық ағартуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер негіздемесі



Мағжан Жұмабаев
(1893 – 1938)



Баланың барлық жан істері бір-біріне берік байланыста болады, бірімен-бірі берік жүреді. Бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы, сезімі, қайраты – бәрі бірге жұмсалады. Балалық шақта алынған әсердің өмір бойы естен шықпауының мәнесі сол: **балалық шақта алынған әсер ер жеткенде адамның ақылының, ой-пікірінің, мінезінің қандай дәрежеде, түрде болуына негіз салады.**



Бала ылғи іске ұмтылады. Дені сау бала қарап отыра алмайды. Бірақ бала не істеуге, қалай істеуге білмейді. **Сондықтан ол ересек адамдардың не істегенін, қалай істегенін өнеге қылады.** Баланың еліктемпаз болуы осыдан.

Бала еліктемпаз болғандықтан, баланың ылғи сұлу, құлықты әсерлер алуына ыждаһат қылу керек. **Әсіресе ата-ана, тәрбиешісі – солардың өздерінің барлық істері сұлу, үлгілі болуға тиісті.**

М. Жұмабаев «Көп томдық шығармалар жинағы» 3 том. 185 бет.

- Заманауи қазақстандық әрбір отбасы балаларды толыққанды тәрбиелеу мен дамыту үшін өз бетінше қолайлы жағдай жасай ала ма?

ЖОБАНЫ ӨЗІРЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Некеге қатысты ажырасулардың айтарлықтай саны:

Қ Р Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы мәліметі бойынша: 2022ж. – **48 239** ажырасу / **140 256** некеге отырғандардан (**34,4%**)

Балаларда тәрбиеленетін құндылықтар деңгейінің төмендеуі:

Еңбекқорлық:

2020ж. - 64,1%, 2021ж. - 61,0%, 2022ж. - 33,8%

Үлкендерге құрмет:

2020ж. - 54,9%, 2021ж. - 61,3%, 2022ж. - 25,3%

Отанға деген сүйіспеншілік:

2020 ж. - 16,4%, 2021ж. - 16,5%, 2022ж. - 7,1%

Әділдік:

2020ж. - 16,2%, 2021ж. - 25,9%, 2022ж. - 7,1%

Отбасындағы эмоционалды-психологиялық жақындықтың жоғалуы:

Сүйіспеншілік – **39,5%**

сенім, көзқарасы бірдей, өзара түсіністік– **25,4%**

Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің ұлғаюы:

2021ж. – **61 464** тіркелген жағдайлар.

2022ж., 9 ай ішінде-100 000-нан астам жағдай тіркелген *factcheck.kz* деректері бойынша

Тек әйелдер моно ата-аналық отбасының көбею тенденциясы

Қ Р Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы мәліметі бойынша 2009ж. – **15,1%** отбасында, балаларымен бірге тұратын тек анасы
2021ж. – **19,5%** отбасында, балаларымен бірге тұратын тек анасы

Тіркелген неке санының азаюы

Қ Р Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы мәліметі бойынша, *Ranking.kz*: 2021ж., 9 айда – **105,3 мың**.
2022ж., 9 айда – **98,3 мың**.

Баланың тәрбиесі мен біліміне ата-аналардың қатысуының азаюы:

42% ата-аналар мектептерге мүлдем бармайды
30% қызығушылық танытуы өте сирек немесе қызығушылық танытпайды

Әкелердің тәрбие процесіне жеткіліксіз қатысуы, балаларға әкенің назарының болмауы:

Отбасылардың **3,4%** ғана бала бос уақытын әкесімен бірге өткізеді

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- Отбасы институты құндылығының төмендеуі
- Отбасын құру және ата-ана болуды саналы түрде жоспарламауы
 - Бала мен ата-ана қарым-қатынасының бұзылуы
- Ұлттық мәдениетпен байланысты жоғалту
- Девиантты ата-ана (білімі төмен, алкоголизм, нашақорлық және т. б.)



ШЕШІМІ

Ата-аналарға жүйелі психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру

«АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖОБА

ЖОБА МАҚСАТЫ:

ПОЗИТИВТІ АТА-АНА МӘДЕНИЕТІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Басымдықтар:

Ұлттық құндылықтар негізінде ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беруді жүйелі ұйымдастыру

Қазақстанның бақытты және табысты азаматтарын тәрбиелеу бойынша ата-аналардың құзыреттерін дамыту

Позитивті ата-ана мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестердің күштерін біріктіру

АТА-АНАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан отбасыларында ата-аналар мен балалар қарым-қатынасын жақсарту.
- Ата-аналар қауымдастығында психологиялық-педагогикалық білім мен дағдыларға деген сұраныс.
- Физикалық, когнитивті, эмоционалды және әлеуметтік аспектілердің бірлігіндегі балалардың әл-ауқатының көрсеткіштерінің оң динамикасы.
- Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелерінде педагогтер мен ата-аналар және жұртшылық өкілдерін шоғырландыру.



«АТА-АНАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҒАРТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

- Қазақстандық ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысуы нашар;
- ата-аналардың балаларға көңіл бөлуі жеткіліксіз;
- отбасындағы эмоционалдық және психологиялық жақындықтың жоғалуы;
- қиын өмірлік жағдайдағы балалар санының артуы;
- жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауының, аутодеструктивті, девиантты мінез-құлық жағдайларының жиілеуі;
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстар санының артуы (соның ішінде буллинг, кибербуллинг).



"Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері" біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын іске асыру»

Бағдарламаның мақсаты

Балалардың әл-ауқатының негізі ретінде ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартуды жүзеге асыру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту.

Міндеттері

1

Тыңдаушылардың ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту үдерісінің нормативтік құқықтық, теориялық-әдіснамалық және ұйымдастырушылық-практикалық аспектілері туралы білімдерін кеңейту және тереңдету.

2

Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту үдерісін жобалау және ұйымдастыру, оны іске асырудың тиімді практикалық құралдарын пайдалану дағдыларын дамыту.

3

Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту саласында педагогтердің құзыреттерді дамыту уәждемесін арттыру.

Курс құрылымы – 5 модуль

Кіріспе

Неліктен қолдау қажет
Жұмыста не қолдану керек



өзектілігі, НҚА, ПҚО әдістемелік ұсынымдары, педагогикалық қолдау

Ұйымдастыру-басқарушылық

Орталықтың жұмысын қалай ұйымдастыруға болады



ата-аналардың мүдделерін диагностикалау, жоспарлау, моделдер, ата-

Мазмұндық-әдістемелік

Негізгі үйрету керек, қалай үйрету керек



"позитивті ата-ана", «саналылық», ұлттық құндылықтар, балалардың физикалық

Вариативтік

Білімді не үшін және қалай тереңдетуге болады



отбасындағы позитивті психологияның әдістері;

Бағалау-нәтижелілік

Тыңдаушылар ата-аналарды қолдауды ұйымдастыруға қаншалықты дайын



жоба қорғау, сторителлинг, TEDex, сауалнама


АР-НАМЫС КОДЕКСІ



1. Әр кез есіңізде болсын, сіз, ежелгі және асыл адамдардың ұрпағысыз, сондықтан лайықсыз әрекетке құқығыңыз жоқ.
2. Өз халқыңыздың және өлкеңіздің тарихын біліңіз — бұл білім сіздің рухыңызды нығайтады, жаныңызды жадыратады, өмірдің қиын сәттерінде күш береді.
Адамның ұлылығы ешқашан байлықпен өлшенбеді, тек Отан үшін берілген батылдық пен еңбектің өлшемі болды.
3. Өз халқыңның тілін, әдет-ғұрпын және өнерін меңгермейінше, өзіңді адам деп санама.
4. **Ұлы ата-бабаларыңызға лайықты болу үшін физикалық және рухани жетілу, шынығу және денсаулықты нығайту бойынша үнемі өзіңізбен жұмыс жасаңыз.**
5. Шыққан тегіңіз бен асыл тұқымыңызды біліңіз және есте сақтаңыз. Үлкендерге, ең алдымен сізге өмір сыйлаған ата-анаңа үлкен құрметпен қараңыз.
6. Ата-бабалардың ең жоғарғы өсиеті ретінде ақиқат — адамның ұлылығы ешқашан байлықпен өлшенбеді, тек Отан атынан берілген батылдық пен еңбектің өлшемі болды.
7. Әрқашан есіңізде болсын, өмірде жасаған барлық жақсы және жаман әрекеттеріңіз қайтара оралады.

8. Өңгімелескенде көбірек тыңдаңыз, аз сөйлеңіз және ешқашан ашуланбаңыз. Адамдар арасында сізден ақылды және күшті адамдар көп.
9. Дау-жанжалдан аулақ болыңыз. Ақымақпен дау-дамайда сіз ақымақ боласыз, ал ақылды сұхбаттасушыны тыңдау пайдалы болады.
10. «Оның менен қай жері артық екен?» деген ойдан сақ болыңыз, сіз нағыз патриот болсаңыз, оны іспен дәлелдеңіз.
11. Тамақ пен сусын ішкенде қанағатшыл болу — түркі этикасының талаптарының бірі. Тойлар мен садақалар тойып тамақтану үшін емес.
12. Қалыңдықты (күйеу жігітті) бет пен дененің сұлулығымен ғана емес, ақыл мен ар-намыстың, тегі мен отбасының дәстүрлердің болуымен де таңдаңыз.
13. **Рухы мықты ұрпақ тәрбиелеу — әр адамның қасиетті парызы.**
14. Ешқашан ешкімнің ұлты мен діни сезімін қорламаңыз. Әр халық — Жаратушының сыйы.
15. Әрқашан Ар-намыс адамы болыңыз. Аштық та, суық та, өлім қорқынышы да сіздің рухыңызды бұзбасын.

НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ



Заңнамалық деңгейде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес бүгінгі күні:

9 кодекс

- 1) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі;
- 3) Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі;
- 4) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі;
- 5) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі
- 6) Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі
- 7) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік Кодексі
- 8) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
- 9) Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексі

НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

14 заң

- 1) *Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы;*
- 2) *Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы;*
- 3) *Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы;*
- 4) *Білім туралы;*
- 5) *Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы;*
- 6) *Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы және т.б.*

15 Халықаралық құжаттар

- 1) Бала құқықтары туралы конвенция;
 - 2) Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенция;
 - 3) Қазақстан Республикасының Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция;
 - 4) Ананы қорғау туралы конвенция;
 - 5) Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенция;
 - 6) Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция;
 - 7) Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция;
 - 8) Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы конвенция және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттама;
 - 9) Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция және т.б.
- **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200-ден астам қаулысы, 700-ден астам бұйрық әзірленді.**

«Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын 2030 жылға дейін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 Жарлығымен енгізілген өзгерістер , 4-бөлім.

Отбасы институтын және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайту мемлекеттік отбасылық саясаттың идеологиялық негізі болып табылады.

Мемлекеттік отбасылық саясат ұрпақтар сабақтастығына, отбасының барлық мүшелерінің үйлесімді өзара іс-қимылы кезінде ұлттың мәдени кодын сақтауға және ондағы кемсітушілік пен зорлық-зомбылыққа жол бермеуге бағдарланатын болады.



Мұндай саясат барлық мүшелер бір-біріне өзара жауап беретін, отбасының әр мүшесінің жеке ерекшеліктерін құрметтейтін, өзара қолдау мен көмек көрсетілетін функционалды отбасылардың өсуіне ықпал етеді.

Қазақстандықтарда ата-анаға саналы көзқарасты және тартымды әке болуды қалыптастыруға бағдарлану бала-атаның эмоционалды байланыстарын нығайтуға және бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін күшейтуге, дара ата-ана отбасыларының санын азайтуға ықпал ететін болады.

ҚР БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ.

НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға бағытталған негізгі халықаралық құқықтық акт – Бала құқықтары туралы конвенция. Оны 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдады. Қазақстан 1994 жылы 8 маусымда Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады

Бала құқықтары туралы конвенцияның жалпы принциптері мен нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстерінде ескерілген, сондай-ақ азаматтық, отбасылық және құқықтың басқа салалары



Бала құқықтары туралы конвенциядан басқа Қазақстан балалар құқығын қорғауға бағытталған бірқатар халықаралық құқықтық актілерді ратификациялады. Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен кепілдіктерін реттейтін 50-ден астам нормативтік құқықтық актілер қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2022 жылғы 01 Ақпан № 21-ө, «Балалардың әл-ауқатының индексі»



- Балалардың хал-ахуал индексі балалардың хал-ахуалын және әртүрлі салаларда балаларға жағдай жасауға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділік дәрежесін бағалау мақсатында әзірленді.
- Индексті енгізу балалар мен ата-аналардың/заңды өкілдердің (бұдан әрі –ата-аналар) пікірін ескере отырып, өңірлер бойынша әртүрлі салаларда балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған шаралардың тиімді іске асуына кедергі келтіретін факторларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.
- Индекс 4 негізгі бағыттан тұрады: «Бала», «Отбасы және қоғам», «Мемлекеттік саясат», «Елдің әл-ауқаты»



«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV(01.07.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулар)



70-бап. Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті.
2. Ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті.

Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар. Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

3. Ата-аналар баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.
4. Баланың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, өзара келісу арқылы ата-аналар шешеді.



71-бап. Ата-аналардың баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтары мен міндеттері

Ата-аналар өз баласының заңды өкілдері болып табылады және арнайы өкілеттіктерсіз кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда оның **құқықтары мен мүдделерін қорғайды.**



«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV (01.07.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулар)

10-тарау. БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

60-бап. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы

Өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-аналарын білуге құқығы, олардың қамқорлығында болуға құқығы, олармен бірге тұруға құқығы бар.



67-бап. Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы

Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына құқығы бар. Баланың ата-аналар және басқа да заңды өкілдер тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға құқығы бар.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007.07.27 № 319-III Заңы

49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

1. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР:

- ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысу;
- балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты білім беру ұйымдарынан ақпарат алу;

■ психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алу.



2. АТА-АНАЛАР МЕН ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕР МІНДЕТТІ:

- 1) балалардың өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге



Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы"



Мемлекет баланың жеке басына қол сұғылмауын қамтамасыз етеді, оны физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықтан, қатыгез, дөрекі немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынастан, баланы қорқытудан (буллингтен), жыныстық сипаттағы іс-әрекеттерден, қылмыстық қызметке тартудан және қоғамға жат іс-әрекеттер мен Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін өзге де қызмет түрлерінен қорғауды жүзеге асырады. (10-бап)

"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚР Заңы 15-бап 6-11.



- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- балаларды заңға, адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге, жоғары адамгершілікке, патриотизмге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға құрмет рухында тәрбиелеу;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілерде өмірлік дағдыларды, құзыреттіліктерді, дербестікті, шығармашылық қабілеттерді дамыту және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге кеңес беру.

«Балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізілді-ҚР 19.04.2023 № 223-VII Заңымен 3-тарау, 11-14-бап.

«6 жастан бастап» балаларда қорқыныш, үрей туғызатын немесе олардың жанын түршіктіретін, сондай-ақ адами қадір-қасиетті қорлайтын жазатайым оқиғалардың, авариялардың, апаттардың, өлімнің және олардың зардаптарының сипатталуын және (немесе) бейнеленуін қамтитын ақпараттық өнім жатқызылады.

«12 жастан бастап» балаларда қорқыныш, үрей туғызуы немесе жанын түршіктіруі мүмкін, зардаптары сипатталмай және (немесе) бейнеленбей, жазатайым оқиғалардың, авариялардың, апаттардың, зорлықсыз өлімнің сипатталуын және (немесе) бейнеленуін қамтитын ақпараттық өнім жатқызылады.



«14 жастан бастап» жас санатының ақпараттық өнімі:

1) есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың, темекі өнімдерінің, алкоголь өнімінің оларды тұтыну қауіптілігі туралы ескерте отырып, оларға әуестенуді қоғамға жат және құқыққа қайшы әрекеттерге арандату ретінде жазғыратын эпизодтық сипатталуын және (немесе) бейнеленуін;

2) адамның құқықтарын және қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау жолында күш қолдану салдарынан болған адам өлімінің натуралистік сипаттаусыз және (немесе) бейнелеусіз эпизодтық сипатталуын және (немесе) бейнеленуін қамтитын ақпараттық өнім жатқызылады.



«16 жастан бастап» жас санатының ақпараттық өнімі:

1) қатыгездік пен зорлық-зомбылық құрбандарына аяушылық сезімді және қатыгездік пен зорлық-зомбылықты айыптауды туғызатын, суицид және (немесе) адам өлтіру сюжеттерінің эпизодтық сипатталуын және (немесе) бейнеленуін;

2) сексуалдық сипаттағы әрекеттердің сипатталуын және (немесе) бейнеленуін қоспағанда, адамдардың сексуалдық қарым-қатынастарының эпизодтық сипатталуын және (немесе) бейнеленуін қамтитын ақпараттық өнім жатқызылады.

«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 бұйрығы. 3 тарау, 14,19 тармағы



3-тарау. Қамқоршылық кеңестің функциялары

14. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

10) білім алушылардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады, олардың құқықтарын қорғауға, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;



«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 бұйрығы. 3 тарау, 14,19 тармағы



3-тарау. Қамқоршылық кеңестің функциялары

14. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

19) педагогикалық ұжымға білім алушылардың отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналысын өткізеді;

